

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**«Арыс қаласының бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**

**2023ж**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:  
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

## **I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Арыс қаласының бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлау және атқару тиімділігі;

2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

### **1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:**

Арыс қалалық мәслихат аппараты мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласы «Байырқұм ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласы «Қожатоғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласы «Жиделі ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласы «Дермене ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласы «Монтайтас ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласы «Ақдала ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Асыл жүрек» әлеуметтік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арыс қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің» мемлекеттік мекемесінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласы «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арыс футбол клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арыс қаласының ұлттық және жекпе-жек спорт түрлері, аула клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Жер қатынастары бөлімі»

мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Арыс қаласының «Кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2020 жылдың 01 сәуірінен 2022 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Арыс қаласының бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 18.01. - 17.03.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 26 аудит объектісі қамтылды, оның ішінде 1 үстеме тексеру, 18 мемлекеттік мекеме, 7 коммуналдық мемлекеттік мекеме және 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бар.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, Арыс қаласының бюджетті тиімді жоспарлануымен атқарылуына, аумақты дамыту бағдарламасының және бюджеттік бағдарламалардың іске асыруына, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына тиімділік және сәйкестік аудиті жүргізілді.

Жалпы Арыс қаласы бюджетінің басты көрсеткіштері, негізінде, орындалған.

### **1. Мемлекеттік аудит объектілерінің міндеттері мен функцияларының іске асырылуы.**

2020 жылдың қорытындысымен жалпы кірістер жоспары 21 707 288,0 мың теңге, орындалғаны 21 716 348,4 мың теңге, 9 060,4 мың теңге немесе 100,0 пайызға асыра орындалған.

Бюджеттің шығыстар бөлігі жоспар бойынша 21 707 288,0 мың теңге болса, 21 707 041,3 мың теңгесі игеріліп, 100 пайызды құрады, 246,7 мың теңге үнемделуі себепті игерілмеген.

Арыс қаласы бойынша 2021 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешек 7 708,6 мың теңгені, ал кредиторлық қарыз 173 574,6 мың теңгені құраған.

2021 жылдың жалпы жергілікті кірістер бойынша жылдық жоспары 2 773,2 млн. теңгені құрап, 2 797,5 млн. теңге қаржы түскен, немесе жоспар 100,9 пайызға орындалып, 24,3 млн. теңге артық түскен. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 071,7 млн. теңге артқан.

Жергілікті бюджеттен жоспарланған шығыстардың жылдық көлемі 14 869,9 млн. теңге, оның 14 867,2 млн.теңгесі игеріліп, жоспар 99,9 пайызға орындалған. Игерілмеген 2,7 млн. теңгенің 0,7 млн. теңгесі объективті себептермен үнемделсе, 2,0 млн.теңгесі Ішкі саясат бөлімі бойынша жеңімпаз мердігердің ақпараттарды облыс көлемінде телерадио хабарлары арқылы мерзімінде жүзеге асырмағаны үшін қаржы аударылмауына байланысты.

Арыс қаласы бойынша 2021 жылдың қорытындысымен пайда болған дебиторлық қарыз 1 200,0 мың теңгені және кредиторлық қарыз 756,6 мың теңгені құрайды.

2022 жылдың жалпы жергілікті кірістер бойынша жылдық жоспары 2 736,9 млн. теңге, нақты 2 742,2 млн. теңге қаржы түскен, немесе жоспар 100,2 пайызға орындалып, 5,3 млн. теңге артық түскен.

Қала бюджетінің 2022 жылға жоспарланған 20 062,4 млн. теңгенің 19 866,8 млн. теңгесі игеріліп, жоспар 99,0 пайызға орындалған. Игерілмеген 195,6 млн. теңгенің 112,4 млн.теңгесі объективті себептермен үнемделсе, 83,2 млн. теңгесі субъективті себептерге байланысты орын алған.

Арыс қаласының 2020 жылғы негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсетті.

Бірінші кезекте қаланың ЖӨӨ көлемі 2020 жылы 35,7 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 3,0 пайызға артқан.

-халық саны 2020 жылы 76,7 мың адамды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 0,7 пайызға өскен;

-өнеркәсіп өнімінің көлемі 2020 жылы 5 млрд 593,3 млн.теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 104,3 пайызды құраған;

-ауыл шаруашылық өнімінің көлемі 2020 жылы 17 730,5 млн. теңгені құрап, нақты көлем индексі 103,1 пайызды құраған, оның ішінде, мал шаруашылығы 8 817,5 млн. теңгені құрап, 101 пайызды құраған;

-негізгі капиталға инвестиция көлемі 14 651,5 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 63,4 пайызды құраған.

-республикалық бюджет – 3 103,3 млн.теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 43,1 пайызды құраған. Жалпы 2020 жылы облыстық көрсеткіш 125 654,7 млн.теңгені құраса, Арыс қаласының көрсеткіші облыс көрсеткішінің 2,5 пайызын құраған;

-жергілікті бюджет – 209,4 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 3,5 пайызды құрады. Жалпы 2020 жылы облыстық көрсеткіш 159 613,0 млн.теңгені құраса, Арыс қаласының көрсеткіші облыс көрсеткішінің 0,1 пайызын құраған;

-жеке сектор көлемі –11338,8 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 5 765,3 млн.теңгеге немесе 203,0 пайызға артқан;

-шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын 3 744 субъект тіркеліп, оның ішінде, жұмыс істеп тұрған белсенді субъектілердің саны 3 513 немесе 93,8 пайызды құраған. Жұмыспен қамтылған адам саны 6 664 және өнім көлемі (жұмыс, қызмет) 30,4 млрд. теңге. Жұмыспен қамтылғандар 2019 жылмен салыстырғанда 9,0 пайызға және өнім көлемі 13,7 пайызға артқан;

-жұмыспен қамтылған 30 628 адам саны болып, 2019 жылмен салыстырғанда 0,2 пайызға түскен (2019 жылы 30 671 адам);

-шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілерінің өнім шығарылымы (тауарлар, қызмет көрсетулер) 30 366,4 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен

салыстырғанда нақты көлем индексі 113,7 пайызға өскен (2019 жылы 26714,6 млн. теңге);

-ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 14 бірлікті құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 107,7 пайыз (2019 жылы 13 бірлік);

-бөлшек сауда айналымының көлемі 4560,3 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 97,0 пайызды құраған;

-экономикалық белсенді халық саны 2020 жылы 32 253 мың адамды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 0,2 пайызға төмендеген (2019 жылы 32,296 мың адам);

-жалдамалы қызметкерлер саны 23,9 мың адамды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 113,3 пайыз (2018 жылы 23,8 мың адам);

-жұмыссыздық деңгейі 5,0 пайызды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 100 пайызды құраған;

-орташа айлық жалақы көлемі 126 721 теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 116,6 пайызға өскен;

-тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының алушылар саны 2020 жылы 3 077 адамды құраса, 2019 жылы атаулы әлеуметтік көмек алушы 13,4 пайыз болған;

-тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері 2020 жылы 5 913 теңгені құраған. 2019 жылы атаулы әлеуметтік жәрдемақы 8 888 теңге болған;

-орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі 32,9 мың теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 12,1 пайызға артқан;

-мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы 100 пайыз болып, 2019 жылмен салыстырғанда 100 пайыз;

-құрылыс жұмыстары қызметтерінің жалпы көлемі 2020 жылы 4 815,3 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 27,5 пайызды құраған;

-халықтың сырқаттанушылығы 43 049,2 көрсеткішті құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 28,9 пайызға төмендеген;

-тіркелген қылмыстардың саны 506 құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 12,4 пайызға өскен.

Арыс қаласының 2021 жылғы негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсетті.

Бірінші кезекте қаланың ЖӨӨ көлемі 2021 жылы 42,9 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 19,8 пайызға артқан, оның ішінде:

-халық саны 2021 жылы 77,6 мың адамды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 0,2 пайызға өскен;

-өнеркәсіп өнімінің көлемі 2021 жылы 5 млрд 985,5 млн.теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 103,4 пайызды құраған;

- ауыл шаруашылығы саласында өндірілген өнім көлемі 19 888,0 млн. теңгені құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда нақты көлем индексі 89,1 пайызды құраған;

-инвестиция көлемі 9 248,6 млн. теңгені құрап, 2020 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 100,7 % құраған (оның ішінде республикалық бюджеттен 963,7 млн.теңге, жергілікті бюджеттен 451,9 млн теңге, ұйымдардың және халықтың өз қаржысы есебінен 7 070,3 млн.теңге, басқада қаражаттар 1 027,3 млн. теңге);

-шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын 3 734 субъект тіркеліп, оның ішінде жұмыс істеп тұрған белсенді субъектілерінің саны 3 678 немесе 99,7 пайызды құрады. Жұмыспен қамтылған адам саны 6 844 және өнім көлемі (жұмыс, қызмет) 32,7 млрд. теңге. Жұмыспен қамтылғандар 2020 жылмен салыстырғанда 9,0 пайызға және өнім көлемі 6,5 пайызға артқан;

-жұмыспен қамтылған 30 676 адам саны болып, 2021 жылмен салыстырғанда 2 пайызға түскен (2020 жылы 31351 адам);

-шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілерінің өнім шығарылымы (тауарлар, қызмет көрсетулер) 32 734,0 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 106,5 пайызға өскен (2020 жылы 30714,6 млн. теңге);

-ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 13 бірлікті құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 100 пайыз (2020 жылы 13 бірлік);

-бөлшек сауда айналымының көлемі 4 982,9 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 100,8 пайызды құраған;

- экономикалық белсенді халық саны 2021 жылы 33 129 мың адамды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 0,3 пайызға жоғарылаған.(2020 жылы 33 029 мың адам);

-жалдамалы қызметкерлер саны 21,8 мың адамды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 100 пайызға;

-жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 100 пайызды құраған;

-орташа айлық жалақы көлемі 158 489 теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 125,1 пайызға өскен;

-тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының алушылар саны 2021 жылы 4 473 адамды құраса, 2020 жылы атаулы әлеуметтік көмек алушы 31,2 пайыз болған;

-тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері 2021 жылы 5 518 теңгені құраған. 2020 жылы атаулы әлеуметтік жәрдемақы 5913 теңге болған;

-орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі 37,0 мың теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 12,4 пайызға артқан;

-мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы 100 пайыз болып, 2020 жылмен салыстырғанда 100 пайыз;

-құрылыс жұмыстары қызметтерінің жалпы көлемі 2021 жылы 5 292,0 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 109,9 пайызды құраған;

-халықтың сырқаттанушылығы 45 283,1 көрсеткішті құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 5,2 пайызға өскен;

-тіркелген қылмыстардың саны 248 құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 1,2 пайызға өскен.

Арыс қаласының 2022 жылғы негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсетті.

Жалпы өңірлік өнім 2022 жылдың 12 айында көлемі 48 868.0 млн. теңгені құрап, 2021 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 104.3% немесе 2 млрд 013 теңгеге артқан (2021 жылы 46 885.6 млн. теңге).

7 млрд. 078 млн. теңгеге өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, нақты көлем индексі 103,1% құраған (Обл.көр.-93,7%, Облыс.- 5 орында. 2021 жылы 5 млрд. 985 млн. теңге).

Қала бойынша 2022 жылдың 12 айында жалпы 5 777 бірлік шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелді. Оның ішінде: 4 089 жеке кәсіпкерлер (жалпы тіркелгендердің 70.7%), 995 шаруа қожалықтар (17,2%), 693 заңды тұлғалар (11,9%). Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 68.1% немесе 1 839 субъектіге артқан (2021 ж. 12 айында 3 938).

Бөлшек сауда айналымы 5 млрд 212,9 млн. теңгеге жетіп, өткен жылдың кезеңіне сәйкес 101,3% құраған (Обл.көр.-111,4%, Обл.-15 орында.).

Негізгі қорға бағытталған инвестиция, 2022 жыл 12 айында негізгі капиталға тартылған жалпы инвестиция көлемі 15 млрд. 403,0 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 162,8% құраған (Обл.көр.-108,6%, Обл.-2 орында.).

Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 23млрд. 547,7 млн. теңгені құрап, НКИ 110,4% құраған (Обл. көр.-101,7%, Обл.- 2 орында.).

Құрылыс жұмыстарының көлемі 5 млрд 480,5 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 103,4 % құраған.

Тұрғын үй құрылысына бағытталған инвестиция 1 млрд. 769,7 млн. теңгеге өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 103,7% (Обл. көр.-92,9%. Обл.- 11 орында.).

Әлеуметтік қорғау, жұмыссыздық деңгейі 5,0%. Жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,1%. Жалпы 1 566 жұмыс орындары құрылған.

Білім, жұмыс істеп тұрған апатты және үш ауысымды мектептер жоқ. 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен оқытуға 5 778 бала қамтылған.

Қоғамдық қауіпсіздік, 2022 жылдың 12 айымен жалпы 167 құқықбұзушылық тіркелген.

## **2. Мемлекеттік аудит объектілерінің бюджеттік бағдарламаларының орындалу тиімділігі.**

Бюджеттік бағдарламалар (бюджеттік өтінім) бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі.

Аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына» сәйкес жасалынған. Жасалынған бюджеттік



өтінімдер жергілікті уәкілетті органға уақтылы ұсынылған. Ұсынылған бюджеттік өтінімдерде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулері, негіздемелері, түсіндірме жазбалары қамтылған. Тиісті бюджетке нақтылау және түзетулер жағдайларында бюджеттік өтінімдердің нақтыланған, түзетілген бюджетке сәйкестендірілген.

Шығыстар есептеулері бекітілген заттай нормалардың негізінде жасалынған:

- 111 «Еңбекке ақы төлеу» ерекшелігі, қызметкерлердің жалақыларын есептеуде бекітілген штаттық кестеге сәйкес есептелген. Штаттық кесте ҚР Үкіметінің 30.10.2017 жылғы №687 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидаларына, ҚР Үкіметінің 16.10.2017 жылғы «Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілерге еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» №646қбп қаулысына (*өзгерістер енгізілді: 30.06.2021 жылғы №451қбп қаулысымен*), ҚР 23.11.2015 жылғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» №416-V ҚРЗ Заңының 53-бабына, Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 23-бабы 2-тармағы 5)-тармақшасына, 24-бабына және 103-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасының 10.12.2008 жылғы №99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (*Салық кодексі*)» Кодексінің 358-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 18.10.2013 жылғы №1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидаларының 3-тармағына, «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңын басшылыққа алып, экологиялық қасірет аймақтарда тұрғаны үшін 20% пайыз қосымша ақыға сәйкес есептелген;

- 113 «Өтемақы төлемдері» ерекшелік бойынша қызметкерлердің жылына бір рет шығатын еңбек демалысы кезінде алатын емделу ақыларының есептемелері бекітілген штаттық кестеге сәйкес есептелген. Өтемақы төлемдері Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 87-бабына және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңын басшылыққа алып, экологиялық қасірет аймақтарда тұрғаны үшін 20% пайыз қосымша ақыға сәйкес есептелген;

- 121 «Әлеуметтік салық» ерекшелік бойынша қызметкерлердің жалақысына есептелетін әлеуметтік салықты есептегенде Қазақстан Республикасының 10.12.2008 жылғы №99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (*Салық кодексі*)» Кодексінің 486, 487-бабтарына сәйкес есептелген;

- 122 «Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар» ерекшелік бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналарын есептегенде Қазақстан Республикасының 26.12.2019 жылғы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» №286-VI ҚРЗ Заңына сәйкес есептелген;

- 124 «Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар» ерекшелігіне бойынша Қазақстан Республикасының 16.11.2015 жылғы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» №405-V ҚРЗ Заңының 26-бабы 2-тармағына сәйкес әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына төлейтін аударымдарына (2 пайыз) есептелген;

- 131 «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша келісім-шарт негізіндегі азаматтық қызметшілер мен жұмысшыларға Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысына және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңын басшылыққа алып, экологиялық қасірет аймақтарда тұрғаны үшін 20% пайыз қосымша ақыға сәйкес есептелген;

- 135 «Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары» ерекшелігі бойынша азаматтық қызметшілер мен жұмысшылардың әлеуметтік салығы және әлеуметтік сақтандыруды жоспарлау Қазақстан Республикасының 10.12.2008 жылғы №99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 486, 487-бабтарына және Қазақстан Республикасының 26.12.2019 жылғы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» №286-VI ҚРЗ Заңына сәйкес есептелінген;

- 136 «Техникалық персонал ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» және 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігі бойынша шығыстар есептеу кезінде «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулылары басшылыққа алынған;

- 149 «Басқа қорлар сатып алу», 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстар», 169 «Өзге де нысаналы шығыстар» ерекшеліктері бойынша өткен қаржы жылындағы нақты шығыстар ескеріле отырып, қажеттілігіне қарай қаржылар жоспарланған.

2. Бюджеттік бағдарламаны көрсеткіштерінің нақты орындалған көрсеткіштермен сәйкестігін салыстыру, орындалмаған жағдайда, әрбір көрсеткіштердің орындалуы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №629 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығының» 48 тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті осы Нұсқаулықтың 21-қосымшасына сәйкес 4-ББИА нысаны бойынша жасайды және әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бөлінісінде қағаз және электрондық тасығыштарда оған түсіндірме жазбамен ұсынылған.

Ұсынған құжаттарға және 4-20 «Бюджеттік сыныптама бойынша шығыстар жиынтық есебі» нысанына сәйкес 01.04-31.12.2020 жыл, 2021,2022 жылдары аралығында бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржылардың жоспарланып игерілуі төмендегідей.

01.04-31.12.2020 жыл

459 001 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 28 998,7 мың теңге жоспарланып, нақты 28 996,2 мың теңге игерілген. Жыл қортындысымен нақты шығыстар есебінен үнемделген қаржы 2,5 мың теңге.

459 015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 783,0 мың теңге жоспарланып, нақты 783,0 мың теңге игерілген. Бюджеттік бағдарлама бойынша мекемеге қажетті негізгі құрал жабдықтар алынған.

459 018 «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 15 906,0 мың теңге жоспарланып, нақты 15 906,0 мың теңге игерілген.

Бюджеттік бағдарлама бойынша мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 5 сала мамандарына, оның ішінде 4 білім саласы, 1 ветеринария сала маманына бюджеттік кредиттер берілген.

459 099 «Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 5 113,0 мың теңге жоспарланып, нақты 5 112,0 мың теңге игерілген. Жыл қортындысымен нақты шығыстар есебінен үнемделген қаржы 0,1 мың теңге.

Бюджеттік бағдарлама бойынша Арыс қаласына қарасты елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген 12 білім саласының мамандарында және 1 ветеринария сала маманына көтерме жәрдемақы берілген.

Бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелеріне, көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

2021 жыл

459 001 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 46 394,0 мың теңге жоспарланып, нақты 46 387,0 мың теңге игерілген. Жыл қортындысымен нақты шығыстар есебінен үнемделген қаржы 7,0 мың теңге.

459 015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 774,0 мың теңге жоспарланып, нақты 774,0 мың теңге игерілген. Бюджеттік бағдарлама бойынша мекемеге қажетті негізгі құрал жабдықтар алынған.

459 018 «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 26 253,0 мың теңге жоспарланып, нақты 26 253,0 мың теңге игерілген.

Бюджеттік бағдарлама бойынша мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 4 білім саласы маманына бюджеттік кредиттер берілген.

459 099 «Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 6 416,0 мың теңге жоспарланып, нақты 6 416,0 мың теңге игерілген.

Бюджеттік бағдарлама бойынша Арыс қаласына қарасты елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген 7 білім саласының, 3 денсаулық сақтау, 3 ветеринария сала маманына және 1 ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшісіне көтерме жәрдемақы берілген.

Бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелеріне, көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

2022 жыл

459 001 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 60 815,0 мың теңге жоспарланып, нақты 60 810,7 мың теңге игерілген. Жыл қортындысымен нақты шығыстар есебінен үнемделген қаржы 4,3 мың теңге.

459 015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 783,0 мың теңге жоспарланып, нақты 783,0 мың теңге игерілген. Бюджеттік бағдарлама бойынша мекемеге қажетті негізгі құрал жабдықтар алынған.

459 018 «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 22 973,0 мың теңге жоспарланып, нақты 22 972,5 мың теңге игерілген.

Бюджеттік бағдарлама бойынша мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 4 білім саласы және 1 денсаулық сақтау саласы маманына бюджеттік кредиттер берілген.

459 099 «Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 6 892,0 мың теңге жоспарланып, нақты 6 891,5 мың теңге игерілген.

Бюджеттік бағдарлама бойынша Арыс қаласына қарасты елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген 9 білім саласының, 1 денсаулық сақтау, 2 ветеринария сала маманына және 3 ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы берілген.

Бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелеріне, көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

### **3. Мемлекеттік аудит объектілерінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасау кезіндегі Қазақстан Республикасының заңнамаларының сақталуы.**

Бухгалтерлік есеп жүргізу «1С бухгалтер» бағдарламасымен жүргізілуде. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы және дұрыстығы, бухгалтерлік есептердегі операциялар мен оқиғалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары негізінде көрсетілген және ҚР Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкестендірілген.

Бухгалтерлік есеп құжаттары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 2 тамыздағы №390 бұйрығымен «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандары альбомы» бекітілген нысандарға сәйкестендірілген.

Қаржылық есептілікті жасауы және ұсынуы ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі №325 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына және ҚР Қаржы министрінің 01.08.2017 жылғы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылған және осы аталған бұйрықтарға сәйкес «Бухгалтерлік баланс», «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп», «Қаржыландыру көздері (*тікелей әдіс*) бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп», «Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп», «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба», «Қайта ұйымдастыру кезіндегі бухгалтерлік баланс» есептері жасалып, мерзімінде ұсынылған.

Бюджеттік есептілік ҚР Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №630 бұйрығына сәйкес жасалған және уәкілетті органға белгіленген мерзімде тапсырылған.

Арыс қаласының әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерін нығайту және жыл сайынғы жоспарланған межелерге қол жеткізу мақсатында, жергілікті салықтардың өндірілмеген берешектерін өндіру бойынша жұмыстар тұрақты түрде атқарылуда. Жергілікті өзін – өзі басқару шотына түсетін кірістер жоспарға сай орындалуда және шығыстар бойынша қаржылар заңға сәйкес игерілуде.

#### **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

##### **Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша**

Жалпы аудитпен 20 156 606,6 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 6 652 131,4 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2020 жыл кезеңі бойынша 6 025 284,6 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 3 020 587,4 мың теңге*), 2021 жыл кезеңі бойынша 4 797 056,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 1 178 482,0 мың теңге*), 2022 жыл

кезеңі бойынша 9 334 266,0 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 2 453 062,0 мың теңге) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 26 объектінің ішінде 7-объектіде **17 717,8** мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **224,5** мың теңге;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **17 493,3** мың теңге.

1-объектіде анықталған тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **169 259,0** мың теңге.

3-объектіде анықталған тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **124 382,2** мың теңге.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **17 717,8** мың теңге, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **17 493,3** мың теңге, өтелуге жататыны **224,5** мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **17 717,8** мың теңге өтеліп қалпына келтірілген (оның ішінде 17 493,3 мың теңге қалпына келтірілген болса, 224,5 мың теңгесі өтелген).

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 55 бірлік бұзушылық фактілері 18 объектіде орын алған.

#### **Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:**

**I.** Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 2 мекемеде **224,5** мың теңгені құраған, атап айтқанда:

1. Айлық жалақымен қызметтік іссапар шығыстарын дұрыс есептемеу салдарынан 2 мекемеде **224,5** мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған, олар:

- Арыс қаласының «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **93,6** мың теңге;

- Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **130,9** мың теңге.

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іс-сапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының» 2-тарау 3 тармақ 1,2 тармақшаларының талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 175 тармағының талаптары сақталмаған.*

**II. 5** мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы **17 493,3** мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

- Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арыс қаласының орталықтандырылған

кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **1 090,0** мың теңге;

- Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мәдениет үйі» МКҚК мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша **10 620,9** мың теңге;

- Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Асыл жүрек» әлеуметтік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **2 442,9** теңге;

- Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **2 919,5** теңге;

- Арыс қаласының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **420,0** мың теңге.

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 4, 15, 33 тармақтарының талаптары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығы талаптары, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 4 бабы, 5 бабы 1,2 тармағының, 6 бабы 1,3 тармақтарының, 15 бабы 1 және 2 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 3 тармағының 1) тармақшасы, 5, 20 және 21 тармақтарының талаптары сақталмаған.*

**III.** Арыс қаласының «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты (активтері) **169 259**, мың теңгеге анықталған.

*Бұл ретте, ҚР 04.12.2008 жылғы №95-IV Бюджет Кодексінің 3-бабының 1-тармағының 12-4-тармақшасы, 4-бабының 12-тармақшасының талаптары сақталмаған.*

**IV. 3** мекемеде тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **124 382,2** мың теңгені құраған.

Атап айтқанда:

- Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде **49 410,5** мың теңге;

- Арыс қаласы «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арыс футбол клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде **9,7** мың теңге;

- Арыс қаласы «Әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде **74 962,0** мың теңге.

*Бұл ретте, ҚР 04.12.2008 жылғы №95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабының 12-тармақшасының талаптары сақталмаған.*

**Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 55 бірлік бұзушылық фактілері 18 объектіде орын алған.**

Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 55 бірлік 18 мекемеде анықталған, атап айтқанда:

«Арыс қалалық мәслихат аппараты» ММ бойынша 3 бірлік;

Арыс қаласы «Әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 5 бірлік;

Арыс қаласы «Байыркұм ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ бойынша 3 бірлік;

«Арыс қаласы «Қожатоғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

«Арыс қаласы Дермене ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ бойынша 3 бірлік;

Арыс қаласы «Монтайтас ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ бойынша 3 бірлік;

Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 7 бірлік;

Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Асыл жүрек» әлеуметтік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

Арыс қаласының «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

Арыс қаласының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ бойынша 3 бірлік;

Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мәдениет үйі» МКҚК бойынша 2 бірлік;

Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ бойынша 2 бірлік;

Арыс қаласының «Ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

Арыс қаласының «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

Арыс қаласының «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

Арыс қаласының «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

Арыс қаласының «Кәсіпкерлік бөлімі» ММ бойынша 3 бірлік.

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)**

2020 жылдың қорытындысымен жалпы кірістер жоспары 21 707 288,0 мың теңге, орындалғаны 21 716 348,4 мың теңге, 9 060,4 мың теңге немесе 100,0 пайызға асыра орындалған.



Бюджеттің шығыстар бөлігі жоспар бойынша 21 707 288,0 мың теңге болса, 21 707 041,3 мың теңгесі игеріліп, 100 пайызды құрады, 246,7 мың теңге үнемделуі себепті игерілмеген.

Арыс қаласы бойынша 2021 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешек 7 708,6 мың теңгені, ал кредиторлық қарыз 173 574,6 мың теңгені құраған.

2021 жылдың жалпы жергілікті кірістер бойынша жылдық жоспары 2 773,2 млн. теңгені құрап, 2 797,5 млн. теңге қаржы түскен, немесе жоспар 100,9 пайызға орындалып, 24,3 млн. теңге артық түскен. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 071,7 млн. теңге артқан.

Жергілікті бюджеттен жоспарланған шығыстардың жылдық көлемі 14 869,9 млн. теңге, оның 14 867,2 млн.теңгесі игеріліп, жоспар 99,9 пайызға орындалған. Игерілмеген 2,7 млн. теңгенің 0,7 млн. теңгесі объективті себептермен үнемделсе, 2,0 млн.теңгесі Ішкі саясат бөлімі бойынша жеңімпаз мердігердің ақпараттарды облыс көлемінде телерадио хабарлары арқылы мерзімінде жүзеге асырмағаны үшін қаржы аударылмауына байланысты.

Арыс қаласы бойынша 2021 жылдың қорытындысымен пайда болған дебиторлық қарыз 1 200,0 мың теңгені және кредиторлық қарыз 756,6 мың теңгені құрайды.

2022 жылдың жалпы жергілікті кірістер бойынша жылдық жоспары 2 736,9 млн. теңге, нақты 2 742,2 млн. теңге қаржы түскен, немесе жоспар 100,2 пайызға орындалып, 5,3 млн. теңге артық түскен.

Қала бюджетінің 2022 жылға жоспарланған 20 062,4 млн. теңгенің 19 866,8 млн. теңгесі игеріліп, жоспар 99,0 пайызға орындалған. Игерілмеген 195,6 млн. теңгенің 112,4 млн.теңгесі объективті себептермен үнемделсе, 83,2 млн. теңгесі субъективті себептерге байланысты орын алған.

Арыс қаласының 2020 жылғы негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсетті.

Бірінші кезекте қаланың ЖӨӨ көлемі 2020 жылы 35,7 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 3,0 пайызға артқан.

-халық саны 2020 жылы 76,7 мың адамды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 0,7 пайызға өскен;

-өнеркәсіп өнімінің көлемі 2020 жылы 5 млрд 593,3 млн.теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 104,3 пайызды құраған;

-ауыл шаруашылық өнімінің көлемі 2020 жылы 17 730,5 млн. теңгені құрап, нақты көлем индексі 103,1 пайызды құраған, оның ішінде, мал шаруашылығы 8 817,5 млн. теңгені құрап, 101 пайызды құраған;

-негізгі капиталға инвестиция көлемі 14 651,5 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 63,4 пайызды құраған.

-республикалық бюджет – 3 103,3 млн.теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 43,1 пайызды құраған. Жалпы 2020 жылы облыстық көрсеткіш 125 654,7 млн.теңгені құраса, Арыс қаласының көрсеткіші облыс көрсеткішінің 2,5 пайызын құраған;

-жергілікті бюджет – 209,4 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 3,5 пайызды құрады. Жалпы 2020 жылы облыстық көрсеткіш 159 613,0 млн.теңгені құраса, Арыс қаласының көрсеткіші облыс көрсеткішінің 0,1 пайызын құраған;

-жеке сектор көлемі –11338,8 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 5 765,3 млн.теңгеге немесе 203,0 пайызға артқан;

-шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын 3 744 субъект тіркеліп, оның ішінде, жұмыс істеп тұрған белсенді субъектілердің саны 3 513 немесе 93,8 пайызды құраған. Жұмыспен қамтылған адам саны 6 664 және өнім көлемі (жұмыс, қызмет) 30,4 млрд. теңге. Жұмыспен қамтылғандар 2019 жылмен салыстырғанда 9,0 пайызға және өнім көлемі 13,7 пайызға артқан;

-жұмыспен қамтылған 30 628 адам саны болып, 2019 жылмен салыстырғанда 0,2 пайызға түскен (2019 жылы 30 671 адам);

-шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілерінің өнім шығарылымы (тауарлар, қызмет көрсетулер) 30 366,4 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 113,7 пайызға өскен (2019 жылы 26714,6 млн. теңге);

-ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 14 бірлікті құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 107,7 пайыз (2019 жылы 13 бірлік);

-бөлшек сауда айналымының көлемі 4560,3 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 97,0 пайызды құраған;

-экономикалық белсенді халық саны 2020 жылы 32 253 мың адамды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 0,2 пайызға төмендеген (2019 жылы 32,296 мың адам);

-жалдамалы қызметкерлер саны 23,9 мың адамды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 113,3 пайыз (2018 жылы 23,8 мың адам);

-жұмыссыздық деңгейі 5,0 пайызды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 100 пайызды құраған;

-орташа айлық жалақы көлемі 126 721 теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 116,6 пайызға өскен;

-тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының алушылар саны 2020 жылы 3 077 адамды құраса, 2019 жылы атаулы әлеуметтік көмек алушы 13,4 пайыз болған;

-тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері 2020 жылы 5 913 теңгені құраған. 2019 жылы атаулы әлеуметтік жәрдемақы 8 888 теңге болған;

-орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі 32,9 мың теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 12,1 пайызға артқан;

-мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы 100 пайыз болып, 2019 жылмен салыстырғанда 100 пайыз;

-құрылыс жұмыстары қызметтерінің жалпы көлемі 2020 жылы 4 815,3 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 27,5 пайызды құраған;

-халықтың сырқаттанушылығы 43 049,2 көрсеткішті құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 28,9 пайызға төмендеген;

-тіркелген қылмыстардың саны 506 құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 12,4 пайызға өскен.

Арыс қаласының 2021 жылғы негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсетті.

Бірінші кезекте қаланың ЖӨӨ көлемі 2021 жылы 42,9 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 19,8 пайызға артқан, оның ішінде:

-халық саны 2021 жылы 77,6 мың адамды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 0,2 пайызға өскен;

-өнеркәсіп өнімінің көлемі 2021 жылы 5 млрд 985,5 млн.теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 103,4 пайызды құраған;

- ауыл шаруашылығы саласында өндірілген өнім көлемі 19 888,0 млн. теңгені құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда нақты көлем индексі 89,1 пайызды құраған;

-инвестиция көлемі 9 248,6 млн. теңгені құрап, 2020 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 100,7 % құраған (*оның ішінде республикалық бюджеттен 963,7 млн.теңге, жергілікті бюджеттен 451,9 млн теңге, ұйымдардың және халықтың өз қаржысы есебінен 7 070,3 млн.теңге, басқада қаражаттар 1 027,3 млн. теңге*);

-шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын 3 734 субъект тіркеліп, оның ішінде жұмыс істеп тұрған белсенді субъектілерінің саны 3 678 немесе 99,7 пайызды құрады. Жұмыспен қамтылған адам саны 6 844 және өнім көлемі (*жұмыс, қызмет*) 32,7 млрд. теңге. Жұмыспен қамтылғандар 2020 жылмен салыстырғанда 9,0 пайызға және өнім көлемі 6,5 пайызға артқан;

-жұмыспен қамтылған 30 676 адам саны болып, 2021 жылмен салыстырғанда 2 пайызға түскен (*2020 жылы 31351адам*);

-шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілерінің өнім шығарылымы (*тауарлар, қызмет көрсетулер*) 32 734,0 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 106,5 пайызға өскен (*2020 жылы 30714,6 млн. теңге*);

-ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 13 бірлікті құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 100 пайыз (*2020 жылы 13 бірлік*);

-бөлшек сауда айналымының көлемі 4 982,9 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 100,8 пайызды құраған;

- экономикалық белсенді халық саны 2021 жылы 33 129 мың адамды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 0,3 пайызға жоғарылаған.(2020 жылы 33 029 мың адам);

-жалдамалы қызметкерлер саны 21,8 мың адамды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 100 пайызға;

-жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 100 пайызды құраған;

-орташа айлық жалақы көлемі 158 489 теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 125,1 пайызға өскен;

-тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының алушылар саны 2021 жылы 4 473 адамды құраса, 2020 жылы атаулы әлеуметтік көмек алушы 31,2 пайыз болған;

-тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері 2021 жылы 5 518 теңгені құраған. 2020 жылы атаулы әлеуметтік жәрдемақы 5913 теңге болған;

-орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі 37,0 мың теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 12,4 пайызға артқан;

-мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы 100 пайыз болып, 2020 жылмен салыстырғанда 100 пайыз;

-құрылыс жұмыстары қызметтерінің жалпы көлемі 2021 жылы 5 292,0 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 109,9 пайызды құраған;

-халықтың сырқаттанушылығы 45 283,1 көрсеткішті құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 5,2 пайызға өскен;

-тіркелген қылмыстардың саны 248 құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 1,2 пайызға өскен.

Арыс қаласының 2022 жылғы негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсетті.

Жалпы өңірлік өнім 2022 жылдың 12 айында көлемі 48 868.0 млн. теңгені құрап, 2021 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 104.3% немесе 2 млрд 013 теңгеге артқан (*2021 жылы 46 885.6 млн. теңге*).

7 млрд. 078 млн. теңгеге өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, нақты көлем индексі 103,1% құраған (*Обл.көр.-93,7%, Облыс.- 5 орында. 2021 жылы 5 млрд. 985 млн. теңге*).

Қала бойынша 2022 жылдың 12 айында жалпы 5 777 бірлік шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелді. Оның ішінде: 4 089 жеке кәсіпкерлер (*жалпы тіркелгендердің 70.7%*), 995 шаруа қожалықтар (*17,2%*), 693 заңды тұлғалар (*11,9%*). Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 68.1% немесе 1 839 субъектіге артқан (*2021 ж. 12 айында 3 938*).

Бөлшек сауда айналымы 5 млрд 212,9 млн. теңгеге жетіп, өткен жылдың кезеңіне сәйкес 101,3% құраған (*Обл.көр.-111,4%, Обл.-15 орында.*).

Негізгі қорға бағытталған инвестиция, 2022 жыл 12 айында негізгі капиталға тартылған жалпы инвестиция көлемі 15 млрд. 403,0 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 162,8% құраған (*Обл.көр.-108,6%, Обл.-2 орында.*).

Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 23млрд. 547,7 млн. теңгені құрап, НКИ 110,4% құраған (*Обл. көр.-101,7%, Обл.- 2 орында.*).

Құрылыс жұмыстарының көлемі 5 млрд 480,5 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 103,4 % құраған.

Тұрғын үй құрылысына бағытталған инвестиция 1 млрд. 769,7 млн. теңгеге өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 103,7% (*Обл. көр.-92,9%. Обл.- 11 орында.*).

Әлеуметтік қорғау, жұмыссыздық деңгейі 5,0%. Жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,1%. Жалпы 1 566 жұмыс орындары құрылған.

Білім, жұмыс істеп тұрған апатты және үш ауысымды мектептер жоқ. 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен оқытуға 5 778 бала қамтылған.

Қоғамдық қауіпсіздік, 2022 жылдың 12 айымен жалпы 167 құқықбұзушылық тіркелген.

Жалпы Арыс қаласы бюджетінің басты көрсеткіштері, негізінде, орындалған.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:**

«Арыс қаласының бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша 5 материал жолданған. Атап айтқанда:

1. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің» Арыс қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас - есепшісі Есқараева Фариза Рсалиеваға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 27.03.2023-ғы №09/581 хатымен жолданған.

2. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас есепші Омарова Жамила Сейлхановнаға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 27.03.2023-ғы №09/582 хатымен жолданған.

3. Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас маман есепші Қуатов Марат Жиенбековичке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 27.03.2023-ғы №09/601 хатымен жолданған.

4. Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Асыл жүрек» әлеуметтік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас есепші Акбердиева Лаззат Галимовнаға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 27.03.2023-ғы №09/602 хатымен жолданған.

5. Арыс қаласының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, есепші Даулетияров Қайсар Медеубековичке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 27.03.2023-ғы №09/619 хатымен жолданған.

Аудиторлық іс-шара және қорытынды әзірлеу барысында барлығы 16 жауапты лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылса, жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы 17 717,8 мың теңге өтеліп қалпына келтірілген (*оның ішінде 17 493,3 мың теңге қалпына келтірілген болса, 224,5 мың теңгесі өтелген*).

Атап айтқанда:

**1. Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында 2919,5 мың теңге қаржылық бұзушылық бухгалтерлік тізбектермен қалпына келтірілген. Аудиторлық қорытынды қалыптастыру кезінде, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Ербасов Баймұрат Насирхановичке мекеме басшысының 28.03.2023-ғы №14 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылғандығы 29.03.2023-ғы №229-12/01-01/906 хатымен хабарланды.

**2. Арыс қаласының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудиторлық қорытынды қалыптастыру кезінде, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас есепші Даулетияров Қайсар Медеубекұлы 30.03.2023-ғы №21 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылғандығы 31.03.2023-ғы №81 хатымен хабарланды. Аудит жүргізу барысында 2023 жылдың 10 наурызында бухгалтерлік тізбе беріліп 420,0 мың теңге бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынған.

**3. Арыс қаласының «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудиторлық қорытынды қалыптастыру кезінде, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас есепші Оразәлі Бағлан 04.05.2022-ғы №70 бұйрығымен жұмыстан өз еркімен жұмыстан босатылуына байланысты тәртіптік жауапкершілігі қаралмаған. Мекеменің 29.03.2023-ғы №230-31/03-13/326 хаты.

**4. Арыс қаласының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Аудиторлық қорытынды қалыптастыру кезінде, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеме басшысы Егизбаев Данияр Дүйсенбаевич Арыс қаласы әкімінің 28.01.2022-ғы №7ж/қ өкімімен өз өтініші бойынша лауазымынан босатылуына байланысты, мекеме басшысы Налибаев

Даулетхан Шарипулы Арыс қаласы әкімінің 28.07.2022-ғы №87ж/қ өкімімен өз өтініші бойынша лауазымынан босатылуына байланысты, мекеме басшысы Жұманов Асан Омарғалиұлы Арыс қаласы әкімінің 12.12.2022-ғы №128ж/қ өкімімен өз өтініші бойынша лауазымынан босатылуына байланысты тәртіптік жауапкершілігі қаралмаған. Мекеменің 31.03.2023-ғы №229-11/02-09/331 хаты.

**5. «Арыс қаласы «Қожатоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.** Аудиторлық қорытынды қалыптастыру кезінде, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген бас маман-есепші Ахынова Газиза Қайратовна а.о. әкімінің 30.03.2023-ғы №4 өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Ауыл округі әкімі аппаратының 31.03.2023-ғы №230-23/03-06/74 хаты.

**6. Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Асыл жүрек» әлеуметтік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында 2442,9 қаржылық бұзушылықтар бухгалтерлік тізбекпен қалпына келтірілген. Аудиторлық қорытынды қалыптастыру кезінде, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген маман-есепші Акбердиева Лаззат Галимовна мекеме басшысының 28.03.2023-ғы №23 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Мекеменің 28.03.2023-ғы №99 хаты.

**7. Арыс қаласы «Байыркұм ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген бас маман-есепші Зеил Алиакбар Асқарбекұлы ауыл әкімінің 10.03.2023 жылғы №13 ж/қ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**8. Арыс қаласы «Монтайтас ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында аудит қорытындысымен анықталған бұзушылықтарға жол берген Арыс қаласы «Монтайтас ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман-есепші Юсупова Меруерт Мамырхановна ауыл әкімінің 09.03.2023 жылғы №7 ж/қ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**9. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген бөлімнің бас маманы К.Нарбеков мекеме басшысының 21.02.2023 жылғы №5 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Артық есептелініп төленген іс сапар шығындары 22.02.2023 жылғы №0011 төлем түбіртегімен 19866 теңге, №0010 төлем түбіртегімен 19346 теңге, №0009 төлем түбіртегімен 91698 теңге, жалпы 130,9 мың теңге бюджетке өндірілген.

**10. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.** Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас есепшісі Ж.Омарова мекеме басшысының 21.02.2023 жылғы №16 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Сонымен қатар,

2023 жылдың 1 қаңтарына тапсырылған жылдық бухгалтерлік баланстың 3 позициясы бойынша 6321,4 мың теңгеге кем көрсетілген, ал 1 позиция бойынша 4299,5 мың теңгеге артық көрсетілген қаржылық бұзушылықтар аудит барасында қалпына келтірілген.

**11. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арыс қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аталған бұзушылыққа жауапты болып табылатын мекеменің бас есепшісі Ф.Ескараева 2023 жылы 4 қаңтардағы №1 бұйрықпен өз өтініші негізінде жұмыстан босатылуына байланысты тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған. Мемлекеттік аудит барысында 1090 мың теңгені құрайтын жиһаздар (стеллаждар) бухгалтерлік анықтама бойынша қалпына келтірілген.

**12. Арыс қаласы «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арыс футбол клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Б.Дарменов мекеме басшысының 16.02.2023 жылғы №44ж/қ бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**13. Арыс қаласының «Ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында аудит қорытындысымен анықталған бұзушылықтарға жол берген Арыс қаласының «Ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі Сазанов Айдос Жанибекович бөлім басшысының 13.02.2023 жылғы №6 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**14. Арыс қаласының «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтар үшін Арыс қаласының «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының 22.02.2023 жылғы №5 бұйрығымен бас маман-есепші Сейтжанова Гульзат Маратқызы және 22.02.2023 жылғы №4 бұйрығымен сектор меңгерушісі Сатыбалды Темірхан Бердібайұлы «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**15. Арыс қаласының «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында аудит қорытындысымен анықталған бұзушылықтарға жол берген Арыс қаласының «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Айтбай Садықбек Тасболатұлы бөлім басшысының 13.02.2023 жылғы №6 ж/қ бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**16. Арыс қаласының «Кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында аудит қорытындысымен анықталған бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлға мекеменің бас маманы Тлеуов Нурлан Аранович Арыс қаласының «Кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының 02.11.2022-ғы №26 бұйрығымен жұмыстан босауына байланысты тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған.

**17. Арыс қаласының «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында Ж.Тұрсымбековтен 2023 жылғы 16



ақпандағы №2802167729353 түбіртегімен 88000 теңге, 2023 жылдың 13 наурыздағы №620300062750 түбіртегімен 5570 теңге бюджетке өндірілген. Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген бөлімнің бас маман-есепшісі Ш.Бейсенова бөлім басшысының 14.03.2023-ғы №13 ж/қ бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**18. «Арыс қалалық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудиторлық қорытынды қалыптастыру кезінде, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман - бас есепші Садешова Жибек Аманкуловна 11.04.2023-ғы №12 өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Мәслихат аппаратының 11.04.2023-ғы №66 хаты.

**19. Арыс қаласының «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында аудит қорытындысымен анықталған бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлға мекеменің бас маманы А.Асиллов Арыс қаласының «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының 07.07.2022-ғы №17 бұйрығымен жұмыстан босатылуына байланысты тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған.

**20. Арыс қаласы «Дермене ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудиторлық қорытынды қалыптастыру кезінде, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген бас маман-есепші Исаев Нұржан Құдайбергенович ауыл әкімінің 11.04.2023 жылғы №12 ж/қ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылғандығы 12.04.2023-ғы №229-21/03-06/221 хатымен хабарланды.

### **3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Арыс қаласының бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Жалпы Арыс қаласы бюджетінің басты көрсеткіштері, негізінде, орындалған.

Аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына» сәйкес жасалған. Жасалған бюджеттік өтінімдер жергілікті уәкілетті органға уақтылы ұсынылған. Ұсынылған бюджеттік өтінімдерде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулері, негіздемелері, түсіндірме жазбалары қамтылған. Тиісті бюджетке нақтылау және түзетулер жағдайларында бюджеттік өтінімдердің нақтыланған, түзетілген бюджетке сәйкестендірілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №629 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығының» 48 тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті осы Нұсқаулықтың 21-қосымшасына сәйкес 4-ББИА нысаны бойынша жасайды және әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бөлінісінде қағаз және электрондық тасығыштарда оған түсіндірме жазбамен ұсынылған.

Ұсынған құжаттарға және 4-20 «Бюджеттік сыныптама бойынша шығыстар жиынтық есебі» нысанына сәйкес 01.04-31.12.2020 жыл, 2021,2022 жылдары аралығында бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржылардың жоспарланып игерілген.

2020 жылдың қорытындысымен жалпы кірістер жоспары 21 707 288,0 мың теңге, орындалғаны 21 716 348,4 мың теңге, 9 060,4 мың теңге немесе 100,0 пайызға асыра орындалған.

Бюджеттің шығыстар бөлігі жоспар бойынша 21 707 288,0 мың теңге болса, 21 707 041,3 мың теңгесі игеріліп, 100 пайызды құрады, 246,7 мың теңге үнемделуі себепті игерілмеген.

Арыс қаласы бойынша 2021 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешек 7 708,6 мың теңгені, ал кредиторлық қарыз 173 574,6 мың теңгені құраған.

2021 жылдың жалпы жергілікті кірістер бойынша жылдық жоспары 2 773,2 млн. теңгені құрап, 2 797,5 млн. теңге қаржы түскен, немесе жоспар 100,9 пайызға орындалып, 24,3 млн. теңге артық түскен. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 071,7 млн. теңге артқан.

Жергілікті бюджеттен жоспарланған шығыстардың жылдық көлемі 14 869,9 млн. теңге, оның 14 867,2 млн.теңгесі игеріліп, жоспар 99,9 пайызға орындалған. Игерілмеген 2,7 млн. теңгенің 0,7 млн. теңгесі объективті себептермен үнемделсе, 2,0 млн.теңгесі Ішкі саясат бөлімі бойынша жеңімпаз мердігердің ақпараттарды облыс көлемінде телерадио хабарлары арқылы мерзімінде жүзеге асырмағаны үшін қаржы аударылмауына байланысты.

Арыс қаласы бойынша 2021 жылдың қорытындысымен пайда болған дебиторлық қарыз 1 200,0 мың теңгені және кредиторлық қарыз 756,6 мың теңгені құрайды.

2022 жылдың жалпы жергілікті кірістер бойынша жылдық жоспары 2 736,9 млн. теңге, нақты 2 742,2 млн. теңге қаржы түскен, немесе жоспар 100,2 пайызға орындалып, 5,3 млн. теңге артық түскен.

Қала бюджетінің 2022 жылға жоспарланған 20 062,4 млн. теңгенің 19 866,8 млн. теңгесі игеріліп, жоспар 99,0 пайызға орындалған. Игерілмеген 195,6 млн. теңгенің 112,4 млн.теңгесі объективті себептермен үнемделсе, 83,2 млн. теңгесі субъективті себептерге байланысты орын алған.

2020 жылғы негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсетті.

Бірінші кезекте қаланың ЖӨӨ көлемі 2020 жылы 35,7 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 3,0 пайызға артқан.

2021 жылғы негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсетті.

Бірінші кезекте қаланың ЖӨӨ көлемі 2021 жылы 42,9 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 19,8 пайызға артқан.

2022 жылғы негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсеткен.

Жалпы өңірлік өнім 2022 жылдың 12 айында көлемі 48 868.0 млн. теңгені құрап, 2021 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 104.3% немесе 2 млрд 013 млн.теңгеге артқан (2021 жылы 46 885.6 млн. теңге).

7 млрд. 078 млн. теңгеге өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, нақты көлем индексі 103,1% құраған (Обл.көр.-93,7%, Облыс.- 5 орында. 2021 жылы 5 млрд. 985 млн. теңге).

Арыс қаласының әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерін нығайту және жыл сайынғы жоспарланған межелерге қол жеткізу мақсатында, жергілікті салықтардың өндірілмеген берешектерін өндіру бойынша жұмыстар тұрақты түрде атқарылуда. Жергілікті өзін – өзі басқару шотына түсетін кірістер жоспарға сай орындалуда және шығыстар бойынша қаржылар заңға сәйкес игерілуде.

Жалпы аудитпен 20 156 606,6 мың теңге (республикалық бюджет қаражаты 6 652 131,4 мың теңге) қамтылды, оның ішінде 2020 жыл кезеңі бойынша 6 025 284,6 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 3 020 587,4 мың теңге), 2021 жыл кезеңі бойынша 4 797 056,0 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 1 178 482,0 мың теңге), 2022 жыл кезеңі бойынша 9 334 266,0 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 2 453 062,0 мың теңге) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 26 объектінің ішінде 7-объектіде **17 717,8** мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **224,5** мың теңге;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **17 493,3** мың теңге.

1-объектіде анықталған тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **169 259,0** мың теңге.

3-объектіде анықталған тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **124 382,2** мың теңге.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **17 717,8** мың теңге, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **17 493,3** мың теңге, өтелуге жататыны **224,5** мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **17 717,8** мың теңге өтеліп қалпына келтірілген (оның ішінде 17 493,3 мың теңге қалпына келтірілген болса, 224,5 мың теңгесі өтелген).

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 55 бірлік бұзушылық фактілері 18 объектіде орын алған.

Бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептерінің бірі бюджеттік қаржыларды пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің талаптарының сақталмауы болып табылады.

Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Нысаналы индикаторлар көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз ету бағытында тиісті іс-шаралар атқарылып, нәтижелілік қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар атқарылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

### **3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:**

1. «Арыс қаласының бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Аудиторлық қорытындыдан үзінді Арыс қаласы әкімі мен мәслихат аппараттарына жолдансын.

3. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектілеріне нұсқамалар жолдансын.

#### **1. Арыс қаласының Әкіміне:**

1) 2023 жылғы 30 мамырға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген Арыс қаласы «Әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2023 жылғы 30 мамырға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

#### **2. Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2023 жылғы 30 мамырға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

### **3.4 Қосымша:**

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.